



**КІТАПХАНА ІСІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ: МАЗМҰНЫ,
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ, ЦИФРАНДЫРЫЛУЫ**
атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына
арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік online конференция
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ
2021 жыл 23 желтоқсан

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической online конференции,
посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан
**БИБЛИОТЕЧНОЕ ДЕЛО И ОБРАЗОВАНИЕ:
СОДЕРЖАНИЕ, ОРГАНИЗАЦИЯ, ЦИФРОВИЗАЦИЯ**
23 декабря 2021 года

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Online Conference **LIBRARY
SCIENCE AND EDUCATION: CONTENT, ORGANIZATION,
DIGITALIZATION**
dedicated to the 30th anniversary of the Independence of the Republic of
Kazakhstan
December 23, 2021

Алматы

2021

УДК 02:378 (574) (063)
ББК 78.3+74.58
К 97

Ұйымдастыру алқасының төрағасы

З.Д. Джумакулов – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры

Жауапты редакторлар

М.Б. Мукашева – п.ғ.к., доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Г.И. Нұржанова – п.ғ.к., аға оқытушы, «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасының көшбасшысы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

А.К. Байдарова – магистр, оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

«Кітапхана ісі және білім беру: мазмұны, ұйымдастырылуы, цифрландырылуы» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік online конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Қыздар университеті баспасы, 2021.- 118 бет.

Сборник материалов международной научно-практической online конференции **«Библиотечное дело и образование: содержание, организация, цифровизация»**, посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан./ – Алматы:/ Қыздар университеті баспасы, 2021.- 118 стр.

ISBN 978-601-346-123-6

Жинаққа «Кітапхана мамандарын даярлау: мәселелері мен болашағы», «Кітапхана ісіндегі сандық технологиялар: енгізу мәселелері және болашағы», «Қашықтықтан оқыту жағдайында кітапханалық қызмет көрсетудегі инновациялар» атты секцияларда талдау жасалған баяндамалар мен кітапхана ісінің негізгі мәселелеріне арналған зерттеулер топтастырылды.

Сборник материалов конференции включает доклады участников конференции по актуальным проблемам библиотечного дела по секциям: «Подготовка библиотечных кадров: проблемы и перспективы», «Цифровые технологии в библиотечном деле: проблемы внедрения и перспективы применения», «Инновации в библиотечном обслуживании в условиях дистанционного обучения»

УДК 02:378 (574) (063)
ББК 78.3+74.58

саласындағы озық тәжірибелер мен инновацияларды таныстырады. Республикамыздағы кітапханашылардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Каталогизатор мектебі іссапарға шығып, оқу-үйрету курстарын өткізеді. Мысалы, биылғы жылы ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Б.Қ.Оспанова, Ақпараттық технологиялар және инновациялар жөніндегі орынбасары Н.А. Искалиева, Ғылыми-әдістемелік қызметінің жетекшісі Г.А. Маханбетова Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Көкшетау қаласында өткен «Сәлем, Елорда!» II республикалық өнер шеруі «Кітапхана ісі» бағыты бойынша шеберлік сағаттарға қатысып, тренингтер өткізді.

Бүгінгі күнге дейін 1968-ден астам кітапханашы мамандарға дәріс оқылып, іс-тәжірибе сабақтар жүргізілді. Сонымен бірге мектеп аясында мамандардың жеке сұраныстарына байланысты да әдістемелік көмек көрсетілді.

Әлемдегі пандемия кезінде елімізде орын алған төтенше жағдай уақытында да Ұлттық кітапхана өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Онлайн режиміне көшіп көлемді іс шараларды жалғастырды. Онлайн-дәрістер, бейнесабақтар, марафондар, онлайн жобалар, халықаралық бірлескен конференциялар өткізді. Каталогизатор мектебі де Web-RABIS бағдарламасы модульдері бойынша республика көлемінде кәсіби біліктілікті жетілдіру мақсатында бейнесабақтар өткізіліп, іс-тәжірибелік сабақтар ұсынды.

Қазіргі таңда кітапханашы мамандарына кәсіби шеберлігіне маңыз беру, тәжірибелі мамандарды шоғырландыру, қайта даярлау мәселелері дұрыс жолға қойылуы керек.

Осы орайда, ҚР Ұлттық кітапханасы – бәсекеге қабілетті білікті маман даярлау, өз мамандығын жетік меңгерген, тұрақты кәсіби өсуге дайын, жан-жақты әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлау талабын іске асыруда.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Искалиева Н.А. Перспективы и развитие современной каталогизации национальной библиотеки Республики Казахстан // Общетеоретические и футурологические проблемы библиографии. Библиографическая запись как основа формирования библиографических ресурсов : материалы II междунар. библиографического конгресса. - Москва, 2016. - С. 245-253.
2. Маханбетова Г.А. Қазақстандағы кітапханалық білім беру // Кітап&Кітапхана=Книга&Библиотека. - 2017. - № 1. - 38-39 б.
3. Оспанова Б.К. Деятельность Национальной библиотеки Республики Казахстан в условиях новой реальности // Вестник БАЕ (Библиотечной Ассамблеи Евразии). - 2021. - № 1. - С. 26-29.

ӘОЖ 02:004

КІТАПХАНА ІСІНДЕГІ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

А.Е. ШЫНЖЫРБАЙ

*Алматы Менеджмент Университеті, кітапхана менеджері
(Алматы қ., Қазақстан Республикасы)*

Аннотация: Мақалада кітапхана жүйесіндегі әртүрлі автоматтандырылған ақпараттық жүйелер, сонымен қатар кітапханада ақпаратқа қалай жылдам әрі сапалы қол жеткізу мүмкіндіктері туралы айтылған.

Кілт сөздер: кітапхана, электронды жүйелер, ақпараттық жүйелер, кітапханалық автоматтандыру

Ғаламның қарыштап дамып, күннен күнге өзгеріп, адам ақылының кемеліне жетіп жатқан кезеңде әр салада әртүрлі жаңашылдық пайда болып, қандай да болмасын бір затқа қол жеткізу мүмкіндігі күннен күнге оңайлана түсуде. Әрине, ол адам баласының ұшыр ойлылығы мен білімділігінің арқасында. Сол білімге қазіргі таңда қалай қол жеткізуде? Сандық жүйеге көше отырып дәстүрлі білімнен қол үзіп бара жатырмыз ба, әлде екі бағытта бірдей болашақ ұрпақ білім алып келе жатыр ма? Жалпы білім деген сөзді естіген кезде алдымен көз алдымызға білім беру ошақтары яғни мектеп, колледж, университет содан кейін барып кітап елестейді емес пе?! Сол кітаптың қазіргі таңда жағдайы қалай? Қоғам дамып, сандық жүйеге көшіп жатқан уақытта кітапхана саласында қандай жаңашылдық және өзгерістер бар? Кітапханадан сұраған сұранысыңызды тез әрі толыққанды алу үшін қандай бағдарламалар жүйеге қосылған? Мақаламды осы сұрақтар бойынша өрбітсем деген ойдамын.

Бұл сұрақтар жиі қозғалып, жиі талқыға түсіп жүргенін біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Жалпы қазіргі таңда өз тәжірибемнен көргенім кітапханалардың жағдайы өте жақсы, барлығы автоматтандырылған сонымен қатар білікті, өз істерін жақсы меңгерген мамандардың жұмыс атқарып жатқандығын мақтана айтуға тұрады.

Мен Алматы Менеджмент Университетінің кітапханасында жұмыс атқарамын. Университет кітапханасының жалпы қоры 370 000 аса кітапты құрайды. Кітапхана қорында отандық және әлем әдебиеттері: экономика, ақпараттық жүйелер, қоғамдық –гуманитарлық ғылымдар, сонымен қатар ғылыми және көркем әдебиеттермен қамтылған. Кітапхананы пайдаланушылар студенттер оқытушылар және Университет қызметкерлері болып табылады. Кітапхана құрылымы оқу залы, абонемент және электронды залдан тұрады. Кітапханада Алматы Менеджмент Университеті электронды кітапханасына, Республикалық Жоғары оқу аралық электронды кітапханасына (РМЭБ), «Параграф» мәліметтер дерекқорына қол жеткізуге болады. Кітапхана оқырмандарының сұранысын толық әрі сапалы орындау мақсатында барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, жұмыс атқарып келеді. Кітапханаға күнделікті жаңа әдебиеттер ұстаздар, оқырмандар тапсырысы бойынша сатып алынып, жедел түрде сканер көмегімен сандық түрге көшіріліп, кітапхананың жеке электронды кітапханасына жүктеліп отырады.

Кітапхананың электронды кітапханасында шамамен 5500 данадан астам электронды кітап бар. Кітапхана жұмысын автоматтандыру мақсатында КАБИС бағдарламасы арқылы жұмыс жүргізіледі. Кітапты, мерзімді басылымдарды қабылдау, оқырмандарды тіркеу, оқырманға кітапты беру, іздеу, электронды кітаптарды жүктеу барлығы осы КАБИС автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Кітапхана төмендегідей ақпараттық–кітапханалық қызмет түрлерін ұсынады:

1. Пайдаланушыларға әдебиеттер беру
2. Ғаламтор жүйесіне қосылу
3. Электронды каталог жайында кеңес және қол жетімділік.
4. Жаңа әдебиеттер көрмесін және тақырыптық көрмелерді өткізу.
5. Библиографиялық тізім құру.

Кітапхана қызметкерлерінің ерекше атап өтетін тағы бір атқарып отырған жұмыстарының бірі - қызметкерлер мен студенттердің университетке кіру барлық электронды жүйелерді қолдануына, кітапхананы қолдануына себеп болатын ID картаны дайындап отыруы. Университет жүйесінің дамып, бір қалыпқа түскенінің арқасында барлық мүмкіндікті пайдалану үшін 1 ғана карта ұсынылады. Және сол картаны оқырман билеті ретінде де қолдануға болады.

Кітапхана жұмысын толық түсіндіру мақсатында кітапханашылар айына 2 рет оқырмандармен онлайн түрде семинарлар өткізіп отырады. Оқырмандарға кітапханада болып жатқан жаңалықтарды, өзгерістерді жеткізіп отыруы үшін кітапхана сайтына, сонымен қатар, телеграмм каналына жүйелі түрде хабарландырулар беріліп отырды.

Алматы Менеджмент Университеті кітапханасы - Қазақстан кітапханалары Ақпараттық бірлестігінің мүшесі.

Кітапхана сайтында мына мәліметтер берілген: кітапхана туралы ақпарат, электронды каталог, жаңа келіп түскен кітаптар, виртуалды анықтамалық қызмет, онлайн тіркелу, оқырмандарға көмекші нұсқаулықтар, баға-парақша, байланыстар, электронды мәліметтер базасы.

Кітапханадағы электронды мәліметтер базасы туралы төменде айтатын боламын.

Бірімізге белгілі қанай затқа болмасын электронды қол жеткізу, уақыт үнемдеу бірінші орынға қойылған. Осыған орай кітапханада ең алдымен оқырман сұранысын толығымен орындау мақсатында қолданылып жүрген, кітапханада автоматтандыру процесін жүзеге асыруға көмек көрсететін электронды каталогтар туралы айтып өтсем.

АБИС- автоматтанған кітапханалық ақпараттық жүйе

ИРБИС- қазіргі заманғы АБИС-ке қойылатын барлық халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Автоматтандыру жүйесі.

OPAC-Global-АБИС – бұл тек жеке кітапханаларды ғана емес, бүкіл топты автоматтандыруға арналған жүйе

МегаПро – АБИС электронды кітапханалар мен ЭКЖ құру үшін. Бұл өнімді дәстүрлі және "бұлтты" нұсқада қолдануға болады. Кез келген модульмен жұмыс веб-интерфейсті қолдану арқылы жүзеге асырылады.

КАБИС- автоматтандырылған ақпараттық кітапханалық жүйе. Кітапхана қорын жабдықтау мен өңдеу процесіне арналған. Ақпаратты іздеуді қамтамасыз етеді.

РАБИС- қазақстандық кітапханалар технологияларының ерекшеліктеріне бағытталған, ұлттық стандарттың талаптарына негізделген кітапханалық ақпараттық жүйе.

WEB РАБИС- РАБИС бағдарламасының ерекшеліктерін анағұрлым кеңейтіп, жаңа модульдерін іске қосты.

Бұл кітапханалық ақпараттық қызмет көрсету жүйелерінің барлығы деп айтуға келмес, айта берсек жаңа талаптарға, сұраныстарға сай отындық емес жүйелер жетерлік. Қазақстан кітапханаларының басым көпшілігі қолданатын жүйелер осы кітапханалық ақпараттық жүйелер десек шатаспаймыз. Жоғарыда айтып өткендей бұл автоматтандырылған жүйенің мақсаты тек кітапхана жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, оқырман сұранысын толығымен қамтамасыз ету, жалпы жұмысты қоғам талабына сай автоматтандыру, қағазбастылықтан арылту болып табылады. Бұл жүйелер кітапхана қорын қалптастыруды, іздеуді жалпы кітапхана қорын сандық түрге көшіруге, оқырманға кітап беру функцияларын, кітапхананың айлық, тоқсандық, жылдық есеп беру жұмыстарын жеңілдетіп орындайтын болса, оқырман сұранысын кез келген жағдайда 100% қамтамасыз етуге көмекке келетін әртүрлі электронды базалар да жетерлік.

Жиі сұранысқа ие кітапханалардың басым көпшілігі қолданатын ЮРАЙТ білім беру платформасы, IPR Books электрондық кітапханалық жүйе, POLPRED іскерлік мақалалар және интернет-сервистері, SCOPUS деректерді бақылау, талдау және визуализациялау құралдары бар рецензияланған ғылыми әдебиеттердің аннотациялары мен дәйексөздері туралы ақпаратты қамтитын ең үлкен бірыңғай дерекқоры, Web of Science жаратылыстану, техникалық, қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар мен өнер бойынша материалдарды қамтитын ғылыми журналдардағы және патенттердегі жарияланымдардың реферативтік деректер базасы болып табылады. Осы мәліметтер базасының барлығы Алматы Менеджмент Университетінде қол жетімді.

Бұл электрондық жүйелерді қолдана отырып, оқырманның сұранысына толыққанды жауап беруге болады. Заман талабына сай көшпен бірге дамып жатқан кітапхана саласындағы осы жүйелердің орны ерекше. Тек осы жүйелерді толықтыру, ақпаратты енгізу, кітаптардың электронды түрін жүктеу - барлығы кітапхана саласының мамандарының жұмысы. Сандық түрге біртіндеп кезең басып жатқан уақытта жаңа түсен әдебиеттерді автордың келісімімен, сканер көмегімен сандық түрге көшіріліп, мамандар жанталасып өз жүйелеріне жүктеп әлек. Бірақ өз тәжірибемде кездескен мына жайтқа көңіл бөлсеңіздер. Оқырмандарды тобына, жас ерекшелігіне байланысты топтастырсақ болады. Мен жоғары оқу орынының кітапханасында жұмыс жасағандықтан, оқырмандарымызды жас ерекшелігіне байланысты әртүрлі топқа бөле аламын, мысалы: 1,2 - курс студенттерін электронды оқулықтар толығымен сұраныстарын қанағаттандыратын болса, жоғары курс студенттері мен ұстаздар қауымын электронды оқулықтар қанағаттандырмайды. Себебі дәстүрлі кітаптан оқығандай болмайтындарын, денсаулыққа да зиян келетінін айтып түсіндіріп жатады. Бұл жерде айтпағым заман талабына сай сандық жүйе дамып жатқанына кітаптардың да электронды нұсқаларының көбейіп қол жетімді болуы, дәстүрлі кітаптарымыздың жоғалып, қолданыстан тыс қалады деген сөз емес. Ата-бабамыздан қалған, жалғасып келе жатқан асыл мұрамыз, қазынамыз кітаптар өз қасиетін ешқашан жоғалтпайды. Қаншама тарихты, салт дәстүрімізді осы уақытқа дейін, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген ол қасиетті кітап емес пе, осы мұрамызды көздің қарашығындай сақтап, жоғалып кетпеуіне, одан ары дамып, келешекке жеткізуге үлкен үлесін қосып отырған кітапханашы әріптестерімізге үлкен алғыс пен мың тағызым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Айсұлу Ажанханқызы. Электронды кітапхана: заманауи қызмет жүйесі // Жаңақорған тынысы 27 ақпан, 2018.-5 бет.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫСӨЗ	3
ПРЕДИСЛОВИЕ	4

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР / ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

Н.А. ДАВЛЕТЯРОВА - директор Научной библиотеки КГУ им. И. Арабаева, канд.ист.наук, доц. Президент Общественного объединения библиотек Кыргызской Республики ТРАНСНАЦИОНАЛЬНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ И БИБЛИОТЕК ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ ПОДГОТОВКИ И ПЕРЕПОДГОТОВКИ БИБЛИОТЕЧНЫХ КАДРОВ	5
Е.Е. КАМИЛОВА - Кітапхана және ақпараттық қызмет Магистрі Назарбаев Университет (Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы) НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ КІТАПХАНАСЫНЫҢ ВИРТУАЛДЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ	8
Д.Н. ГРИБКОВ - к.п.н. Орловский государственный институт культуры (г. Орел, Российская Федерация) ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ РАБОТЫ УЧАСТНИКОВ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА ВУЗА	11
Г.И. НҰРЖАНОВА - п.ғ.к. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) «КІТАПХАНА ІСІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»	15

1- СЕКЦИЯ.

КІТАПХАНА МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ СЕКЦИЯ 1.

ПОДГОТОВКА БИБЛИОТЕЧНЫХ КАДРОВ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

М.К. КУКЕЕВА п. г. к. М. Әуезов атындағы ОҚУ (Шымкент қ., Қазақстан Республикасы) КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КІТАПХАНАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ	19
А.Л. КРИВКОВ к.и.н., библиотекарь первой категории Научно-методической службы Национальной библиотеки Республики Казахстан (г. Алматы, Республика Казахстан) СТАТИСТИКА БИБЛИОТЕЧНОГО ДЕЛА В СИСТЕМЕ ДУАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ. (К ПОСТАНОВКЕ ПРОБЛЕМЫ)	24
М.Б. МУКАШЕВА к.п.н доцент кафедры Библиотековедения и библиографии КазНацЖенПу (г.Алматы, Республика Казахстан) ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС В ВУЗЕ: ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ	27
Б.С. АСАНОВА т.ғ.к.әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доцент м.а. (Алматы қ., Қазақстан) ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ КІТАПХАНА МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ	30
Р.С. ЛАБЕНОВА магистр, аға оқытушы, КУКЕЕВА М.К. п.ғ.к., доцент <i>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент қ., Қазақстан Республикасы)</i> ҚАЗІРГІ МЕКТЕП КІТАПХАНАШЫСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ	36
Ш.М. УСЕНБАЕВА п.ғ.магистрі, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН ОҚЫРМАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	38

Ш.Б. МУКАШЕВА Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты, Қаскелең мәдениет колледжінің оқытушысы (Алматы қ. Қазақстан Республикасы) **«КІТАПХАНА ІСІ» МАМАНДЫҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА ЦИФРЛЫҚ ОРТАДА ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАР САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ** 46

Д.Қ. ЕСТАЕВА аға оқытушы, **Ж.К. СЕРАЛИЕВА** ф.ғ.к., доцент Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) **БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ** 50

А.К. БАЙДАРОВА магистр, оқытушы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) **ДУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ КІТАПХАНА МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ** 56

Б.Ә. САҒЫНДЫҚ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) **КІТАПХАНАНЫҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ** 61

А.Ә. БЕКТЕМІР п.ғ.м, оқытушы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) **ОҚЫРМАНДАРҒА КІТАПХАНАЛЫҚ - АҚПАРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ** 65

2- СЕКЦИЯ.

КІТАПХАНА ІСІНДЕГІ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

СЕКЦИЯ 2.

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В БИБЛИОТЕЧНОМ ДЕЛЕ: ПРОБЛЕМЫ ВНЕДРЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ ПРИМЕНЕНИЯ

Г.И. НҮРЖАНОВА п.ғ.к. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, **С.Т. ТЛЕУБАЙ** PhD, аға оқытушы, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) **ҚАЗАҚСТАН КІТАПХАНАЛАРЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНУ КЕЗЕҢІНДЕ** 70

У.М. РЫЩАНОВА Почетный деятель культуры РК, ЧУ «Костанайский инженерно-экономический университет им.М.Дулатова» (г.Костанай, Республика Казахстан) **ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ПОСОБИЙ** 77

Ж.А. АБЕНОВА Национальная библиотека Республики Казахстан (г.Алматы, Республика Казахстан) **СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ФОРМИРОВАНИИ ЭЛЕКТРОННЫХ КОЛЛЕКЦИЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ БИБЛИОТЕКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН** 82

Ф.У. СЫДЫКЖАНОВА Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) **ҚР ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРСТАРЫ «ҚАЗАҚСТАН ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ»** 86

А.Е. ШЫНЖЫРБАЙ Алматы Менеджмент Университеті, кітапхана менеджері (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) **КІТАПХАНА ІСІНДЕГІ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР** 89

3 СЕКЦИЯ.
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА КІТАПХАНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕГІ
ИННОВАЦИЯЛАР

СЕКЦИЯ 3.
ИННОВАЦИИ В БИБЛИОТЕЧНОМ ОБСЛУЖИВАНИИ В УСЛОВИЯХ
ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

- А.Л. ЕСИПОВ., Н.Е. БЕЛЯЕВА., И.А. ИВАШОВА., В.Л.СИЛИНА., С.О.ЛЮБОМУДРОВА**
Орловский государственный институт культуры, Российская Федерация
ОПЫТ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ДИСТАНЦИОННЫХ ФОРМ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В
БИБЛИОТЕЧНО-ИНФОРМАЦИОННОМ ОБСЛУЖИВАНИИ 93
- Н.А. ДАВЛЕТЯРОВА** *директор Научной библиотеки КГУ им. И. Арабаева, Президент*
Общественного объединения Библиотек Кыргызстана, канд.ист.наук, доц. **РОЛЬ И МЕСТО**
БИБЛИОТЕКИ КЫРГЫЗСТАНА В КОНТЕКСТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ЦИФРОВЫХ ИНИЦИАТИВ
ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ «ЦИФРОВОЙ КЫРГЫЗСТАН»
..... 98
- А.Л. ЕСИПОВ., Н.Е. БЕЛЯЕВА., Н.А СТЕПАНОВА., В.Л. СИЛИНА., В.А. ВЕРИЖНИКОВА**
Орловский государственный институт культуры, г.Орел, Российская Федерация
ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРОЦЕССЕ РЕАЛИЗАЦИИ ДИСТАНЦИОННЫХ ФОРМ
ОБУЧЕНИЯ НА ФАКУЛЬТЕТЕ ДОКУМЕНТНЫХ КОММУНИКАЦИЙ
..... 102
- И.А. ИВАШОВА** *к.п.н., доцент, профессор кафедры библиотечно-информационной деятельности,*
ФГБОУ ВО «Орловский государственный институт культуры» (г. Орел, РФ) **РАЗВИТИЕ**
СОТРУДНИЧЕСТВА РОССИЙСКОГО ВУЗА КУЛЬТУРЫ С МЕЖДУНАРОДНЫМИ
ОРГАНИЗАЦИЯМИ В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ 107
- Ш.У. АЙКЕБАЕВА** *Кітапханатану және Библиографиятану пәндерінің оқытушысы «М.О.Әуезов*
атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК, (Семей қ., Қазақстан Республикасы) **«ҚАЗАҚСТАН**
КІТАПХАНАЛАРЫНДАҒЫ ОНЛАЙН ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ» 110

ISBN 978-601-346-123-6

Ғылыми басылым

«Кітапхана ісі және білім беру: мазмұны, ұйымдастырылуы, цифрландырылуы» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік online конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Қыздар университеті баспасы, 2021.- 118 бет.

Сборник материалов международной научно-практической online конференции **Библиотечное дело и образование: содержание, организация, цифровизация»,** посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан. – Алматы: Қыздар университеті баспасы, 2021.- 118 стр.

УДК 02:378 (574) (063)

ББК 78.3+74.58

ISBN 978-601-346-123-6



© «Қыздар университеті» баспасы, 2021